

СИЛЛАБУС
2025-2026 оқу жылының күзгі семестрі
7M01504 Биология, 7M05102 Биомедицина, 7M05109 Биотехнология,
7M05105 Генетика, 7M05112 Геоботаника, 7M05101 Биология,
7M05118 Зоология, 7M05116 Микробиология,
7M05117 Экологиялық биоинженерия,
7M05119 Репродуктивті генетика, 7M05123 Биомедициналық инженерия
білім беру бағдарламалары

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредит-тердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)	
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)			
513 Жоғары мектептің педагогикасы	5	15	30	-	5	6	
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ							
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері		Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Оффлайн	Б/ЖОК	Шолу, проблемалық, аналитикалық, ақпараттық, дәріс-презентация	жағдаяттық, тренингтік, жобалау, дискуссия		Жазбаша емтихан Универ жүйесі		
Дәріскер (лер)	Нургалиева Долорес Абилдаевна, п.ғ.к., доцент м.а.						
e-mail:	nurdolores@mail.ru						
Телефоны:	87027675044						
Ассистент (тер)	Нургалиева Долорес Абилдаевна, п.ғ.к., доцент м.а.						
e-mail:	nurdolores@mail.ru						
Телефоны:	87027675044						
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ							
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*				ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)		
жоғары мектептің дидактикасы, білім беру теориясы мен менеджменті, оқытушылық қызметті талдау және өзін-өзі бағалау негізінде жоғары оқу орындары мен колледждерде педагогикалық қызметке қабілеттілікті қалыптастыру. Оқу курсы білім беру мен Болон процесінің даму тенденцияларын зерттеуге бағытталған. Курс оқытушылық және кураторлық шеберлікті, оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі стратегиялары мен әдістерін меңгеруге көмектеседі.	Заманауи жоғары кәсіби білім берудің даму сатыларын, әдіснамалық деңгейлерін білу; Қазақстанда жоғары кәсіби білім берудің жүйесіне талдау жасай білу;				1.1. жоғары мектеп педагогикасының қазіргі ғылыми жетістіктерін сыни талдайды және бағалайды, ғылыми-практикалық мәселелерді, оның ішінде пәнаралық салаларды шешуде идеялармен танысады. 1.2 білім беру парадигмалары, теорияларды түсінеді; 1.3 ҚР жоғары білім беру жүйесін талдайды педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесін меңгереді.		
	ОН-2. Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби-педагогикалық мәдениеті мен құзыреттілігі негіздерін игеру; білім беру аймағында өз зерттеуін ұйымдастыра алу;				ЖИ 2.1 Жоғары мектеп оқытушысының құзыреттілігін және кәсіби этикалық нормаларды ұстану қабілетін айқындайды ЖИ 2.2 Білім берудегі жобалау әрекетінің ұлттық		

		білім беру жүйесінің модернизациялаудағы мәнін анықтайды;
	ОН-3. Білім берудің ТЛА-стратегиясын, ЖОО-да кредиттік жүйе бойынша студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру; заманауи дидактикалық принциптер мен талдау технологиясын, білім беру мен тәрбиелеудің технологиясын талдау;	ЖИ 3.1. Оқу үдерісін модельдеу, бағалау және жұмыс берушінің қажеттіліктеріне сәйкес қосымша кәсіптік білім беру бағдарламаларын жобалау қабілеті қабілеті артады; ЖИ3.2 білім алушының жеке кәсіби дамуының жоспарланған деңгейін қамтамасыз ету мақсатында білім беру технологияларын, оқыту мен тәрбиелеу әдістерін орынды таңдап, тиімді пайдалана біледі.
	ОН-4.Блум таксономиясы бойынша құзыреттілікті бағалау; жоғары мектепте дәстүрлі және инновациялық әдістер мен білім беруді ұйымдастырудың жаңа технологияларын қолдану.	ЖИ 4.1. Жоғары білім берудің қазіргі заманғы қағидаттарының ерекшеліктеріне; бітірушіге қойылатын талаптарға; білім берудің әдістері мен технологияларына қалыптастырылған жүйелі идеяларын біледі ЖИ 4.2 Жоғары мектептегі ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстың негіздері (ғылыми білімді оқу материалына құрылымдау және психологиялық сауатты түрлендіру, әртүрлі тақырыптар бойынша тапсырмаларды, тесттерді құрастыру әдістері мен тәсілдері, оқу және тәрбие міндеттерінің жүйелілігі) білім берудегі жаңа технологияны меңгереді.
	ОН-5. ЖОО-да білім беру процесінде студенттер мен оқытушылар арасындағы коммуникативті қарым-қатынас технологиясын бағалау;	ЖИ 5.1. Педагогика саласындағы ғылыми-зерттеулерді сараптамадан өткізу біліктілігін қалыптастырады. ЖИ 5.2 Зерттеу әрекетін жоспарлау және білім беру саласындағы мәселелер бойынша өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын игереді.
Пререквизиттер	«Ғылым философиясы мен тарихы», «Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері», Педагогикалық тәжірибе	
Постреквизиттер	«Жеке әдістемелерді оқыту әдістемесі» «Білім беру әдіснамасы»	
Оқу ресурстары	Әдебиет: негізгі, қосымша. Әдебиет: Негізгі: 1. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 340 бет. 2. Шолпанқұлова Г.К., Калкеева К.Р. Ш78 Жоғары мектеп педагогикасы. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 259 б	

	3. Мыңбаева Ә.Қ., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері: Оқу құралы. – Алматы, 2016. – 236б. 4. Баширова Ж.Р., Әлқожаева Н.С., Тойбаев Ә.Ж., Толешова У.Б., Жумабекова Қ.Б. Жоғары мектеп педагогикасы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015, -190 б. Қосымша: 1. Молдасан Қ.Ш., Бектурганова Ж.М. Педагогика. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018, -195 б. 2. Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2019 жыл. – 328 бет. 4. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көзқарасы = Learning Theories: An Educational Perspective [Мәтін] : оқулық / Д. Шунк ; [ауд. Б. М. Мизамхан ; жауапты ред. А. Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ. 2019. - 607 б. Интернет-ресурсы: 1. Мынбаева А.К. Основы педагогика высшей школы: учебное пособие. - 3-е изд., доп. – Алматы, 2013. – 183 с. 1568784171261.pdf (kaznu.kz) 2. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (для магистратуры) -Алматы: Қазақ университеті, 2006. 1592198585748.pdf (kaznu.kz) 3. Мынбаева А.К. Организация и планирование научных исследований (в области педагогики и образования): уч.пособие для магистратуры.- Алматы, 2017 1571649956446.pdf (kaznu.kz) 4. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения или, как интересно преподавать: уч. пособие. - Алматы, 2012. – 341с. 5. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика для магистратуры. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. 1601979753808.pdf (kaznu.kz) 6. Мынбаева А.К. Инновационные стратегии и технологии воспитания студентов. Инновации в обучении: учеб.-метод. пособие для вузов. - Алматы, 2013 1632302423250.pdf (kaznu.kz) 7. https://youtu.be/Wv7xikY5eKs?si=LfrvdU1nli_v25uj 8. Cambridge University Press — полнотекстовая коллекция журналов издательства Cambridge University Press: https://www.cambridge.org/; 9. Oxford University Press — полнотекстовая коллекция журналов издательства Oxford University Press (текущая подписка и архив): http://www.oxfordjournals.org/en/; 10. SCOPUS – реферативная наукометрическая база данных: https://www.scopus.com/; 11. Web of Science — реферативная наукометрическая база данных: http://apps.webofknowledge.com/; https://journals.sagepub.com/doi/10.1177/0956797614524581 http://getliner.com https://audiopen.ai datalumio.io
--	---

Пәннің академиялық саясаты	Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың <u>Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен</u> айқындалады. Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді. Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді. Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау балдардың жоғалуына әкеледі. Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа <u>«Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары».</u>
-----------------------------------	---

	«Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі. Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді. Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail 7027675044, nurdolores@mail.ru немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы кеңестік көмек ала алады. МООС интеграциясы (massive openlline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек. Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау балдардың жоғалуына әкеледі.
--	---

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес бағалаудың әріптік жүйесі				Бағалау әдістері	
Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.	
A	4,0	95-100	Өте жақсы	Формативті және жиынтық бағалау	
A-	3,67	90-94		Дәрістердегі белсенділік	5
B+	3,33	85-89	Жақсы	Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	20
B	3,0	80-84		Өзіндік жұмысы	25
B-	2,67	75-79		Жобалық және шығармашылық қызметі	10
C+	2,33	70-74		Қорытынды бақылау (емтихан)	40
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	ЖИЫНТЫҒЫ	
C-	1,67	60-64		100	
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз		
D	1,0	50-54			
FX	0,5	25-49			
F	0	0-24			

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Ап тасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
1-МОДУЛЬ Модуль I. Жоғары мектеп педагогикасының ғылыми - теориялық негіздері			
1	Д 1. Жоғары білім парадигмасы Білім беруді дамытудың әлемдік дағдарысы. Қазіргі білім беру парадигмасы. Қазіргі заманғы жоғары білім беруді дамытудың мегатенденциялары (ізгілендіру және демократияландыру, ақпараттандыру, әртараптандыру, компьютерлендіру, интернационалдандыру және білім беруді жаһандандыру және т. б. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: кіріспе-дәріс (әңгімелеу, эвристикалық, ғылыми зерттеу әдісі, слайд, бейнебаяндар).</i> СС 1. Ғаламдық білім кеңістігі. Болон процесінің тарихы. Болон процесінің негізгі принциптері. Кредиттік білім беру жүйесі (USCS, ECTS, KCTS және т.б.). Болон процесі коммуникесін талдау. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үш циклі. Болон процесі практикалық құжаттары: ECTS қолдану бойынша нұсқаулық (2015). Университеттер мен оқытушылар арасындағы халықаралық ынтымақтастық. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (талқылау, ауызша шағын хабарлама, презентация, конспектін тексеру)</i>	1	
2	Д 2. Қазақстандағы жоғары кәсіптік білім берудің тарихы мен қазіргі жағдайы Университеттік білім беру тарихы. Қазақстанның жоғары білім беру тарихы. Жоғары білім берудің қалыптасу кезеңдері. ҚР жоғары білім беруді дамытудың заңнамалық базасы. Қазақстанда жоғары білім беруді реформалау. ҚР білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Жоғары оқу орындарының түрлері. Жоғары білімнің мамандануы. Университеттегі заманауи көп деңгейлі білім <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-пікірталас (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдісі).</i> СС 2. Қазіргі таңдағы Қазақстандағы жоғары кәсіптік білім беру және оның тарихы Жоғары білім берудің қалыптасуы мен дамуындағы тарихи тұлғалар: А.Бөкейханов, С. Асфандияров, А. Айтиев, О. Жандосов, А. Бүркітбаев және т. б. Баламалы (Альтернативті) жоғары оқу орындары. Талапкерлерді іріктеу жүйесі. Жоғары мектептің қалыптасуының заманауи мәселелері және оларды шешу жолдары. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (талқылау, ауызша шағын хабарлама, презентация, конспектін тексеру)</i>	1	
3	Д 3. Педагогика ғылым ретінде. Педагогика ғылымының әдіснамасы. Педагогика ғылымы және оның адам туралы ғылымдар жүйесіндегі орны. Педагогика ғылымының әдіснамасы. Педагогика адамның рухани, интеллектуалды және әлеуметтік көбеюі туралы ғылым ретінде. Педагогиканың пәнаралық сипаты. Педагогикалық ғылымдар жүйесіндегі жоғары мектеп педагогикасының орны. Жоғары мектеп педагогикасының басқа ғылымдармен байланысы. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің типологиясы. Іргелі, қолданбалы ғылыми-педагогикалық зерттеулер мен нұсқаулықтар. Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық параметрлері мен әдіснамалық критерийлері. Педагогикалық зерттеудің құрылымы мен кезеңдері. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-пікірталас (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдісі).</i> СС. 3. Педагогикалық зерттеулердегі әдіснамалық тәсілдер мен принциптер: жүйелік және синергетикалық тәсілдер, тұлғаға бағытталған, белсенділік және диалогтық тәсілдер, когнитивистік, құзыреттілік тәсіл және т. б. (Л. Выготский, Дж.Дьюи, т. б.). Гуманистік педагогика (Т.Олпорт, А. Маслоу, К. Роджерс және т. б.), рухани-адамгершілік білім. Жоғары мектеп педагогикасының әдіснамалық тұғырлары. Педагогикалық зерттеу әдістері. Теориялық әдістер. Эмпирикалық (практикалық) әдістер. Педагогикалық эксперимент. Педагогика ғылымындағы модельдеу. Жоғары мектеп педагогикасының даму тенденциялары мен перспективалары. Қазақстандық ғалым-педагогтардың жоғары мектеп педагогикасын дамытуға қосқан үлесі. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар-диспут (топтық талдау, шағын хабарлама, үлестірме материал, бейнеролик)</i> ОМӨЖ 1 бойынша кенес беру	1	
4	Д 4. Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігі. Жоғары мектеп оқытушысы беру процесінің субъектісі ретінде. Жоғары мектеп оқытушы тұлғасының кәсіби маңызды ттері: кәсіби, жеке моральдық. Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби-педагогикалық мәдениеті. ы мектеп оқытушысының кәсіби қызметіндегі педагогикалық ойлаудың мәні мен рөлі. Жаңа огикалық ойлау. Жоғары мектеп оқытушысының негізгі құзыреттілік моделі. Кәсіби стандарт. ологиялық-педагогикалық құзыреттілік оқытушының кәсібилігінің көрсеткіші ретінде.	1	

	<i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-пікірталас (репродуктивтік, эвристикалық, ғылыми-ізденістік әдістер).</i>		
	СС 4. ЖОО оқытушысының құзыреттілік құрылымы. ЖОО оқытушысының құзыретінің құрылымы. «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы. оқытушының құқықтары мен міндеттері. Кәсіби-педагогикалық этика және әдептілік. ЖОО оқытушысының зерттеу және рефлексивті, әдістемелік құзыреттілігі. Мұғалімнің өзін-өзі дамыту. Педагогикалық қызмет әлеуметтік құбылыс ретінде. "Педагогикалық қызмет" ұғымы. Педагогикалық қызметтің құрылымы мен компоненттері. Педагогикалық іс-әрекеттің негізгі компоненттері. Оқытушы іс-әрекетінің логикасы. Жоғары мектеп жағдайында кәсіби педагогикалық іс-әрекетке дайындығы. Кәсіби құзыреттілік құрылымы. Құзыреттіліктің қалыптасу деңгейі 2. «Жыл мұғалімі» және қойылатын талаптар 3. Сауалнама сұрақтарын дайындау: «Оқытушы студент көзімен» <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар-пікірталас (салыстырмалы талдау, шағын хабарлама)</i>	2	10
	МӨЖ 1 орындау бойынша кеңестер 1. Жоғары мектептің қалыптасуының заманауи мәселелері және оларды шешу жолдары. 2. Білім беру мәселелері бойынша жарияланымдарға сыни талдау жүргізу. 3. Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінің дамуын талдау. (Контент-талдау) <i>Бақылау формасы - онлайн жазбаша жұмыс (онлайн форматы)</i>		15
5	Д 5. Жоғары мектеп мұғалімінің коммуникативтік құзыреттілігі. Адамдар арасындағы қарым-қатынас туралы түсінік. Қарым-қатынас процестері: «Менді» қабылдау, тыңдау, көрсету және қолдау. Қарым-қатынас эмоционалды процесс ретінде. Тіл мен мәдениеттің рөлі. Сөздік процесс. Вербалды емес коммуникация. Қарым-қатынас климаты: қолайлы (өзара растайтын) және қолайсыз (қолайсыздан агрессивтіге). Педагогикалық коммуникативтік құзыреттілік. Тұжырымдаманың мәні. ЖОО оқу үдерісі субъектілерінің коммуникативтік өзара әрекеттесуі. Педагогикалық коммуникативті әрекеттестіктің негізгі түрлері. Педагогикалық коммуникативті қатынасты қалыптастыру. Педагогикалық қарым-қатынас орнату түрлері. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: проблемалық дәріс (әңгімелеу, слайд, эвристикалық, ғылыми-іздену әдістері).</i>	1	
	СС 5. Оқу мотивациясы және қарым-қатынас. Студенттік (студенттердің типологиясы және ологиясы). Ұрпақтар теориясы: сандық студент Жоғары мектеп оқытушысының ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігі. Интернетті оқытудың педагогикалық мүмкіндіктері. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар-диспут (топтық талдау, шағын хабарлама, үлестірме материал, бейнеролик)</i>	2	10
	ОМӨЖ 2 орындау бойынша кеңестер		
МОДУЛЬ II. Жоғары мектептегі тұтас педагогикалық үдеріс			
6	Д 6. ЖОО-дағы тұтас педагогикалық процесс: мәні, мазмұны, құрылымы. Біртұтас педагогикалық процестің мәні мен ерекшеліктері – ЖОО оқытушысының кәсіби қызметінің объектісі ретінде. Біртұтас білім беру процесі педагогикалық жүйе ретінде. Тұтас педпроцестің құрылымдық компоненттерінің сипаттамасы. Біртұтас педагогикалық процесс функцияларының бірлігі мен өзара байланысы – дамыту, оқыту, тәрбиелеу, ғылыми-зерттеу. Педагогикалық процестің қозғаушы күштері. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: проблемалық дәріс (әңгімелеу, слайд, эвристикалық, ғылыми-іздену әдістері).</i>	1	
	СС 6. Педагогикалық процестің негізгі заңдылықтары, олардың сипаттамасы. ТПП-ті ұйымдастыру принциптері. Педагогикалық процесті болжауда және басқаруда заңдылықтар мен принциптерді есепке алудың маңызы. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар-диспут (топтық талдау, шағын хабарлама, үлестірме материал, бейнеролик)</i>	2	10
	МӨЖ 2 1. Жоғары оқу орындарындағы ғылыми-зерттеу жұмысы. Өз ғылыми зерттеу жұмысыңыздың ғылыми аппаратын талдаңыз. 2. ҚР жоғары білім беру мәселелері бойынша жазылған ғылыми басылымдарға таңдау бойынша (оқулық, әдістемелік құрал, ғылыми мақала, зерттеу жобасы және т.б) ғылыми талдаудың өзектілігі мен практикалық маңызы арасындағы аспектілерді толық қамтып, сыни тұрғыда пікір жазу.		15

	3. Э.Берннің трансактілі талдау теориясын және байланыстың синтоникалық моделін (нейролингвистикалық бағдарламалау теориясы) зерттеңіз. Теорияларды таныстыру.		
7	Д 7. Дидактика туралы жалпы түсінік. Дидактиканың негізгі категориялары мен функциялары. Дидактикалық принциптер. Оқу процесін жобалаудағы кері дизайн принципі. Критериалды бағалау. Жиынтық және формативті бағалау. Жоғары мектептегі оқу процесінің құрылымы мен негізгі компоненттері. TLA - білім беру стратегиясы (teaching - learning - assessment). Күтілетін нәтижелер. Оқу процесінің мотивациялық-мақсатты, мазмұнды, операциялық, бағалау-нәтижелі компоненттерінің сипаттамасы. Оқытудың заманауи стратегиялары (ЮНЕСКО және т. б.) Оқытудың жалпы заңдылықтары мен принциптері. Жоғары мектептегі оқу процесінің кезеңдері мен логикасы. Оқыту түрлері мен жүйелері және олардың сипаттамалары. Репродуктивті және өнімді оқыту түрлері. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-кеңес (проблемалық баяндау әдісі, презентация, эвристикалық, ғылыми-іздену әдістері)</i>	1	
	СС 7. Оқытудың дидактикалық теориялары. Ф. Бэконның сенсуалистік теориясы және Я.А. Коменскийдің оқыту теориясы. Кейбір шетелдік оқыту тұжырымдамалары. Бихевиористикалық теориялары. Оқытудың прагматикалық теориясы (В.Джеймс, Д. Дьюи). Оқытудың неопрагматикалық теориясы (А. Маслоу, К. Роджерс, Н. Талент және т.б.). Білім берудегі жеке және әлеуметтік конструктивизм. Сандық ұрпақ және коннективизм. Жағдаяттық және қоршаған ортаға көзқарас. Ресми, бейресми және ақпараттық білім. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (ауызша хабарлама, баяндама, презентация)</i>	2	10
	ОМӨЖ 3 орындау бойынша кеңестер		
8	Д 8. Жоғары кәсіптік білім беру мазмұны. «Білім беру мазмұны» ұғымының мәні. Жоғары білім беру мазмұнының заманауи тәсілдері. Жоғары білім беру мазмұнына қойылатын талаптар. Жоғары білім беру мазмұнына әсер ететін факторлар. Жоғары білім беру мазмұнының негізгі компоненттері. Жоғары білім беру мазмұнын іріктеу принциптері мен критерийлері. Мемлекеттік білім беру стандарты және оның функциялары. Білім беру мазмұнын көрсететін нормативтік-құқықтық құжаттар: оқу жоспары, оқу бағдарламалары. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: проблемалық дәріс (әңгімелеу, слайд, эвристикалық, ғылыми-іздену әдістері).</i>	1	
	СС 8. Маман моделін анықтаудағы құзыреттілік тәсіл. Дублин дескрипторлары. Педагогтың кәсіби стандарты. Құзыреттілік жоғары мектептің оқу жоспарлары мен бағдарламаларының негізі ретінде. Оқу жоспарының мемлекеттік, ЖОО, элективті компоненттері. Оқу бағдарламаларын құрудың ғылыми тәсілдері. Үлгілік оқу бағдарламалары. Үлгілік оқу бағдарламасының құрамдас бөліктері. Университеттердің дербестігі және білім беру бағдарламаларын жобалау. Жоғары кәсіптік білім беру мазмұнын қайта ұйымдастырудың негізгі тенденциялары. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар-диспут (топтық талдау, шағын хабарлама, үлестірме материал, бейнеролик)</i>	2	10
	МӨЖ 3. ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ Қазіргі педагогикалық технологиялардың жіктелуі және олардың тиімділік критерийлері		20
Аралық бақылау 1			100
9	Д 9. Оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі әдістері мен формалары «Оқыту әдісі» түсінігі. Жоғары мектептегі оқыту әдістерінің функциялары. Оқыту әдістерінің жіктелуі. Оқытудың кезеңдік әдістерінің сипаттамасы. Студенттердің білімін бақылау және бағалау әдістері. Дәстүрлі тексеру формалары. Дидактикалық тесттер. Тест тапсырмаларын әзірлеу. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: проблемалық дәріс (әңгімелеу, слайд, эвристикалық, ғылыми-іздену әдістері).</i>	1	
	СС 9. Оқытуды ұйымдастыру формалары: дәрістер мен семинарлар, зертханалық және практикалық жұмыстар. Дәріс және семинар, зертханалық және практикалық сабақтардың тарихы. Дәріс және семинар сабақтарын жобалау ережелері. ЖОО - да сабақтарды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын әдістемелік талаптар. ЖОО-дағы сабақтардың сапасын бағалау критерийлері. ЖОО сабақтарындағы мазмұнды және эмоционалды кері байланыс <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар-диспут (топтық талдау, шағын хабарлама, үлестірме материал, бейнеролик)</i>	2	7
	ОМӨЖ 4 орындау бойынша кеңестер		
10	Д 10. ЖОО-да оқытудың инновациялық әдістері мен формалары. Жаңа білім беру технологиялары. Жоғары мектепте оқытудың инновациялық әдістері мен формаларын қолданудың тұжырымдамалық негіздері. Акторлық-желілік теория және ризоматикалық педагогика. Оқыту әдістерінің Имитациялық емес және имитациялық топтары. Проблемалық оқыту. Проблемалық оқытуды ұйымдастыру. Танымдық белсенділік және проблемалық жағдай.	1	

	Проблемалық жағдайларды жасау әдістері мен әдістері. Зерттеу қызметі және проблемалық оқыту. Оқыту әдістері мен технологияларын талдау және салыстыру <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: проблемалық дәріс (әңгімелеу, слайд, эвристикалық, ғылыми-іздену әдістері).</i>		
	СЗ 10. Іскерлік ойын, тренингтер, пресс-конференциялар имитациялық оқытудың формалары ретінде. Сабақтарды ұйымдастыру және өткізу принциптері. Оқытудың инновациялық әдістері, технологиялары және формалары: миға шабуыл әдісі, кейс-стади, жоба әдісі, «swot-analysis», «идеялар матрицасы» және т.б. Қашықтықтан және аралас оқыту. Проблемаға бағытталған, зерттеу, аралас/гибридті оқыту тәжірибесі. Бейресми/ақпараттық оқыту технологиялары. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар-диспут (топтық талдау, шағын хабарлама, үлестірме материал, бейнеролик)</i>	2	7
	МӨЖ 4 1. Дәстүрлі немесе заманауи оқыту технологияларының бірі туралы хабарламалар дайындаңыз (таңдау бойынша). 2. Педагогикалық технологиялар авторларының өмірі мен қызметі туралы хабарламалар дайындаңыз (шамамен 5-6 ғалым). Жоғары білім беру мәселелері бойынша ғылыми мақаланы (ҚазҰУ хабаршысы, педагогикалық серия) сыни талдауды жүзеге асыру.(көшірме қосымшасымен).		25
III Модуль. Жоғары білім берудің стратегиялары мен даму тенденциялары			
11	Д 11. Кредиттік оқыту технологиясы жағдайында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру Студенттің өзіндік жұмысы кредиттік технология жағдайында оқытудың негізгі нысаны ретінде. Студенттердің өзіндік қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар. Оны ұйымдастыру технологиясы. ЖОО-да эдвайзер, тьютор және офис-тіркеушінің қызметі. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: проблемалық дәріс (әңгімелеу, слайд, эвристикалық, ғылыми-іздену әдістері).</i>	1	
	СС 11. ОБӨЖ-оқытушының жетекшілігімен студенттің өзіндік жұмысы. ОБӨЖ құрылымы. ОБӨЖ ұйымдастыру нысандары: іскерлік және дидактикалық ойындар, модельдеу және жобалау, тесттер, кроссвордтар презентациялар және ЖОО-дағы СӨЖ түрлері. СӨЖ ұйымдастырудағы оқытушының рөлі. Студенттерге кеңес беру. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар-диспут (топтық талдау, шағын хабарлама, үлестірме материал, бейнеролик)</i>	2	7
12	Л12. Жоғары мектептің ғылыми қызметінің теориясы. СҒЗЖ. Зерттеу, зияткерлік және инновациялық университеттердің білім беру тұжырымдамалары. Зерттеу университетінің принциптері: академиялық еркіндік пен жауапкершілік, зерттеу мен оқытудың бірлігі. Жоғары мектептегі ғылыми қызмет. Жоғары мектептің ғылыми қызметінің заңдылықтары мен принциптері. ЖОО-да оқыту мен зерттеудің, тәрбие қызметінің бірлігі. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: проблемалық дәріс (әңгімелеу, слайд, эвристикалық, ғылыми-іздену әдістері).</i>	1	
	СС 12. Студенттердің оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының түрлері. ЖОО-да СҒЗЖ ұйымдастыру және жоспарлау. Университеттердегі «ғылыми мектептер» және олардың ғылыми дәстүрлер мен сабақтастығы. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар-диспут (топтық талдау, шағын хабарлама, үлестірме материал, бейнеролик)</i>	2	7
	ОМӨЖ 5 орындау бойынша кеңестер		
13	Д 13. Оқу-әдістемелік материалдарды құрастыру технологиясы Педагогикалық жобалау және педагогикалық технологиялары <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-конференция (әңгімелеу, слайд, проблемалық, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдістері).</i>	1	
	СС 13. Силлабусты жобалау және дизайны. Семинар сабақтарын өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу. МӨЖ жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. Тәжірибе бағдарламалары. Дидактикалық үлестірме материалдарды әзірлеу. Электрондық оқыту құралдарын әзірлеу ЖОО-дағы оқыту технологиясы. Қашықтан оқыту технологиясы. Белсенді оқытудың ерекшеліктері. Оқыту әдістерін белсендендіру. ЖОО-дағы проблемалық оқыту. Проблемалық оқытудың формалары мен әдістері. Оқу әрекетін жобалауды ғылыми негіздеу. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (салыстырмалы талдау, ауызша хабарлама, аннотация, презентация, рефератты қорғау)</i>	2	7
	МӨЖ 5 орындау бойынша кеңестер ЖОО бақылауды ұйымдастыру		25

	Жоғары мектептегі тесттік бақылау Білім беру процесінде қолданылатын тесттердің әртүрлі түрлерін сипаттаңыз Тестілеу рейтингтік бақылау формасы ретінде. Тестік тапсырмалар дайындау.		
	МОДУЛЬ 3 Жоғары мектептегі басқару		
14	Д 14. Жоғары мектепте тәрбиені ұйымдастырудың теориялық негіздері <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-пікірталас (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық әдіс).</i>	1	
	СС 14. Университеттегі тәрбие теориясы. Жоғары мектеп маманның жеке басын тәрбиелеу мен дамытудың әлеуметтік институты ретінде. Қазіргі қоғам, оның адамға қойылатын талаптары. Қазіргі жоғары мектептің міндеттері: идеологиялық, этикалық, азаматтық. Толеранттылық, интеллект, ағартушылық жоғары білімі бар маманның жеке басының маңызды сипаттамалары ретінде. Әлеуметтенудің мәні және оның кезеңдері. Маманды тәрбиелеу және қалыптастыру. Болашақ маманның жеке басын әлеуметтендіру процесі ретінде жоғары мектептегі тәрбие жұмысының бағыттары мен мәні. Жоғары мектептегі білім берудің заңдылықтары мен принциптері. Студенттік қоғамның өзін-өзі тәрбиелеуіне жағдай жасау. Университеттің оқу процесінде академиялық және ғылыми ортаның әлеуеті. Білім берудегі қоршаған орта және экзистенциалды тәсіл <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (талдау және жинақтау, шағын хабарлама, аналитикалық есеп)</i>	2	7
15	Д 15. Білім берудегі менеджмент ұғымы, функциялары мен принциптері. Білім берудегі менеджмент тұжырымдамалары. Білім беруді басқару деңгейлері. Университетті басқарудың сызықтық және матрицалық құрылымдары. Кредиттік технология кезіндегі бақылау-өлшеу құралдары: тақырыптар бойынша бақылау сұрақтары, тесттер, сынақ және емтихан сұрақтары, аралық бақылау тапсырмалары және т. б. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-конференция (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдісі).</i>	1	
	СС 15. ЖОО-дағы басқару. Оқыту сапасының менеджменті: критерийлер көрсеткіштері. ЖОО-да басқарудың ситуациялық, процестік, жүйелік тәсілдері. Деминг Циклі. ЖОО саясатының құрылымы. Университеттің академиялық және зерттеу саясаты. Университет реномасы және халықаралық ынтымақтастық. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мәртебесі мен міндеттері, басқару органдарының құрылымы. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру және басқару. ЖОО-дағы өзін-өзі басқару, ұйымдардың негізгі қағидалары. Жоғары мектептегі білім сапасының мониторингі. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (шағын хабарлама, іс-шара жоспары, баяндама, жазбаша жұмыс)</i>	2	8
	ОМӨЖ 6 орындау бойынша емтиханға даярлық кеңестері		
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән үшін жиынтығы			100

Декан _____ **Б.Б.Меирбаев Б.Б**

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитет төрайымы _____ **Қ. Жумабекова**
Кафедра меңгерушісі _____ **Н.С.Әлқожаева**

Дәріскер _____ **Д.А. Нургалиева**

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

ОМӨЖ 1. МӨЖ 1 орындау бойынша кеңестер

1. Жоғары мектептің қалыптасуының заманауи мәселелері және оларды шешу жолдары.
2. Білім беру мәселелері бойынша жарияланымдарға сыни талдау жүргізу.
3. Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінің дамуын талдау. (**Контент-талдау**)

Бақылау формасы - онлайн жазбаша жұмыс (онлайн форматы) (**АБ 100%-ның 25%**)

Критерийі	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Жоғары білімнің қазіргі теориялары мен тұжырымдамаларын түсіну	Қазіргі заманғы теорияларды, жоғары білім ұғымдарын терең түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және тиісті сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Теорияларды, қазіргі теориялардың тұжырымдамаларын, жоғары білім ұғымдарын түсіну. Негізгі дереккөздерге сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Қазіргі заманғы теорияларды, жоғары білім концепцияларын түсінудің шектеулілігі. Негізгі дереккөздерге шектеулі сілтемелер (дәйексөздер) берілген.	Жоғары білімнің қазіргі теориялары мен концепцияларын үстірт түсіну/түсінбеу. Негізгі дереккөздерге сәйкес сілтемелер (дәйексөздер) берілмейді.
Жоғары мектептің қалыптасуының негізгі мәселелерін және оларды шешу жолдарын түсіну	ЖМП ғылым ретінде негізгі ұғымдарын жақсы байланыстырады. Дәлелдерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен тамаша негіздеу.	Жоғары білімнің тұжырымдамалары мен теорияларын ҚР-дағы жоғары білімнің дамуымен байланыстырады. Дәлелдерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен күшейтеді.	Қазақстан Республикасындағы жоғары білімнің даму контекстінде жоғары білім беру тұжырымдамалары мен теориясы арасындағы шектеулі байланыс. Эмпирикалық зерттеу дәлелдемелерін шектеулі пайдалану.	Қазақстан Республикасындағы жоғары білімнің дамуы жағдайында жоғары білім беру тұжырымдамалары мен теориясы арасында байланыс аз немесе мүлдем жоқ. Эмпирикалық зерттеулерді аз пайдаланады немесе мүлдем қолданбайды.
практикалық ұсыныстар	Қазақстанда мұғалімдердің кәсіби бірегейлігі мен кәсібилігін арттыру бойынша сауатты саяси және/немесе практикалық ұсынымдар, ұсыныстар ұсынады.	Қазақстанда мұғалімдердің кәсіби бірегейлігі мен кәсібилігін арттыру бойынша кейбір саяси және/немесе практикалық ұсыныстарды, ұсыныстарды ұсынады	Шектеулі саясат және практикалық ұсыныстар. Ұсыныстар маңызды емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз.	Саясат пен практикалық нұсқаулар немесе өте төмен сапалы ұсыныстар аз немесе мүлдем жоқ.
Письмо, АРА- стилі	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. АРА стилін қатаң ұстанады.	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді.	Хатта кейбір негізгі қателер бар және анықтықты жақсарту қажет. АРА стилін ұстануда қателіктер бар.	Жазуы түсініксіз, мазмұнын қадағалау қиын. АРА стилін ұстануда көптеген қателер бар.
Ғылыми-жарияланымдық материалды талдау және жалпылау	Бірқатар сипаттамаларға (мазмұны, стилі, өзектілігі және басқалары) негізделген автордың ғылыми зерттеулеріне жан-жақты баға береді. IMRAD мақаласының өзектілігін, құрылымдық элементтерін көрсетеді	Автордың ғылыми зерттеулеріне бірқатар сипаттамалар негізінде баға береді (мазмұны, стилі, өзектілігі және басқалары). IMRAD мақаласының өзектілігін, құрылымдық элементтерін көрсетеді	Автордың ғылыми зерттеулеріне бірқатар сипаттамалар (мазмұн, стиль, өзектілік және басқалар) негізінде жан-жақты баға беру жеткіліксіз. IMRAD мақаласының өзектілігін, құрылымдық элементтерін нақты көрсетпейді	Автордың ғылыми зерттеулеріне бірқатар сипаттамалар негізінде баға бермейді (мазмұны, стилі, өзектілігі және басқалары). IMRAD мақаласының өзектілігін, құрылымдық элементтерін бөлектемейді

ОМӨЖ 2. МӨЖ 2 орындау бойынша кеңестер

1. Жоғары оқу орындарындағы ғылыми-зерттеу жұмысы. Өз ғылыми зерттеу жұмысыңыздың ғылыми аппаратын талдаңыз.

2. ҚР жоғары білім беру мәселелері бойынша жазылған ғылыми басылымдарға таңдау бойынша (оқулық, әдістемелік құрал, ғылыми мақала, зерттеу жобасы және т.б) ғылыми талдаудың өзектілігі мен практикалық маңызы арасындағы аспектілерді толық қамтып, сыни тұрғыда пікір жазу.

3. Э.Берннің трансактілі талдау теориясын және байланыстың синтоникалық моделін (нейролингвистикалық бағдарламалау теориясы) зерттеңіз. Теорияларды таныстыру.

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Жоғары оқу орындарындағы ғылыми-зерттеу жұмысының логикалық құрылымының болуын, білім алушының өзінің позициясының болуын, оның ғылыми және мәселенің заманауи түсінігімен байланысын, дәлелдердің барабарлығын, презентация стилін, жұмыстың педагогикалық дизайнын ескеруі	Қойылған тапсырмаға сәйкес негізгі теорияларды, тұжырымдамаларды түсіну, өзіндік тұрғыдан бағдарлама құрасыра алуы және оны презентациялауы	Тапсырманы орындауда негізгі теориялар мен тұжырымдамаларға түсінуі жеткілікті деңгейде түсіну, өзіндік тұрғыдан бағдарлама құрасыруға қатысуы, оны презентациялауы	Тапсырманы орындауда негізгі теориялар мен тұжырымдамаларды меңгеруі қанағаттанарлық деңгейде түсінуі, өзіндік тұрғыдан бағдарлама құрасыруға талпынысы, бағдарламаны презентациялауы	Тапсырманы орындауда негізгі теориялар мен тұжырымдамаларға түсінуі жеткіліксіз, өзіндік тұрғыдан бағдарлама құрасыра алмайды және оны презентациялауы төмен

МӨЖ 3 орындау бойынша кеңестер
ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Қазіргі педагогикалық технологиялардың жіктелуі және олардың тиімділік критерийлері

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Бағалау критерийлері- Жоғары оқу орындарындағы оқытудың заманауи технологиясының құрылымын білу, білім алушының өзінің позициясының болуын, оның ғылыми және мәселенің заманауи түсінігімен байланысын, дәлелдердің барабарлығын, презентация стилін, жұмыстың педагогикалық дизайнын ескеруі	Қойылған тапсырмаға сәйкес негізгі теорияларды, тұжырымдамаларды түсіну, өзіндік тұрғыдан бағдарлама құрасыра алуы және оны презентациялауы	Тапсырманы орындауда негізгі теориялар мен тұжырымдамаларға түсінуі жеткілікті деңгейде түсіну, өзіндік тұрғыдан бағдарлама құрасыруға қатысуы, оны презентациялауы	Тапсырманы орындауда негізгі теориялар мен тұжырымдамаларды меңгеруі қанағаттанарлық деңгейде түсінуі, өзіндік тұрғыдан бағдарлама құрасыруға талпынысы, бағдарламаны презентациялауы	Тапсырманы орындауда негізгі теориялар мен тұжырымдамаларға түсінуі жеткіліксіз, өзіндік тұрғыдан бағдарлама құрасыра алмайды және оны презентациялауы төмен

МӨЖ 4 орындау бойынша кеңестер

3. Дәстүрлі немесе заманауи оқыту технологияларының бірі туралы хабарламалар дайындаңыз (таңдау бойынша).
4. Педагогикалық технологиялар авторларының өмірі мен қызметі туралы хабарламалар дайындаңыз (шамамен 5-6 ғалым).

Жоғары білім беру мәселелері бойынша ғылыми мақаланы (ҚазҰУ хабаршысы, педагогикалық серия) сыни талдауды жүзеге асыру. (көшірме қосымшасымен).

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
ақпаратты дербес іздеу, іріктеу және жүйелеу, мәселені (проблеманы) ашу, білім алушыларды аудиторияны осы ақпаратпен таныстыру (ақпаратты ұсыну), оны талдау және жинақтау, ресімдеу, аудиторияның сұрақтарына мысалдармен толық жауаптар ескеріледі.	білім алушы мәселені (мәселені) толық ашқан, ақпаратты жүйеленген, дәйекті, логикалық, өзара байланысты, бірнеше кәсіби терминдерді қолданған, ақпараттық технологияларды кеңінен қолданған, ақпаратта қателіктер болмаған, тапсырманы мысалдармен толық жауап берген жағдайда қойылады	білім алушы мәселені (проблеманы) ашса, ақпаратты жүйеленген, дәйекті, қисынды, өзара байланысты ұсынса, 2-ден астам кәсіби терминдерді қолданса, ақпараттық технологияларды жеткілікті түрде қолданса, материалды ұсынуда 2-ден аспайтын қателіктер жіберсе, ішінара толық жауап берілген жағдайда	білім алушы мәселені (проблеманы) толық ашпаса, ақпаратты жүйеленбесе және толығымен дәйекті түрде ұсынбаса, 1-2 кәсіби терминді қолданса, ақпараттық технологияларды қолданса, материалды ұсынуда 3-4 қателік жіберсе, тапсырманың қарапайым сұрақтарының мазмұнына жауап бере алмаған жағдайда	сұрақ ашылмаса, ұсынылған ақпарат логикалық тұрғыдан байланысты болмаса, кәсіби терминдер қолданылмаса, материалды ұсынуда 4-тен астам қателік жіберілген, тапсырманы толық аша алмаған жағдайда

МӨЖ 5.

Жоғары мектепте бақылауды ұйымдастыру

Жоғары мектептегі тесттік бақылау

Білім беру процесінде қолданылатын тесттердің әртүрлі түрлерін сипаттаңыз

Тестілеу рейтингтік бақылау формасы ретінде. Тесттік тапсырмалар дайындау. **жазбаша тапсырмасы (АБ****100%-ның 25%)**

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Тақырып бойынша: 1) Бақылау сауалнамасының толық немесе жеткілікті ашылуы; 2) Нақты атаулар мен анықтамаларды көрсету; 3) ұғымдар мен категорияларды дұрыс тұжырымдау 4) жауаптың дербестігі, өз жіктемелері мен біліктіліктерін енгізе және қолдана білу, қарастырылып отырған тақырып бойынша өз тұжырымдарын талдай және жасай білу (оқу және ғылыми әдебиеттерден алынған Қорытындыларды қайта таратуға жол беріледі); 5) негізгі (және қосымша) әдебиеттерді және өзге де материалдарды пайдалану және т. б.	білім алушы оқу материалын терең игерген, оны дәйекті, анық және қисынды түрде баяндайды, берілген тақырып бойынша өзінің пайымдаулары мен ойларын көрсетеді, тиісті қорытынды жасайды; теорияны практикамен тығыз байланыстыра алады, тапсырмаларды, бақылау сауалнамаларын және білімді қолданудың басқа түрлерін еркін орындай алады, тапсырмаларды өзгерту кезінде жауап беруде қиындық туғызбайды, әртүрлі ғылыми дереккөздердің материалдарын келтіреді, қабылданған шешімді дұрыс негіздейді, тапсырманы орындаудың жан-жақты дағдылары мен әдістерін меңгереді, құзыреттіліктің қалыптасуының тиісті деңгейін көрсетеді.	Егер жауап тақырыпқа немесе тапсырмаға сәйкес келсе және ашса, оқу материалын білетіндігін көрсетсе, тапсырманы орындау кезінде елеулі дәлсіздіктерге жол бермей, оны сауатты және мәні бойынша баяндаса, тапсырманы орындау кезінде теориялық ережелерді дұрыс қолданса, оны орындау үшін қажетті дағдылар мен әдістерді меңгерсе, бірақ өз пікірін тұжырымдауда аз қиындықтарға тап болады, құзыреттердің қалыптасуының тиісті деңгейін көрсетеді.	білім алушы тақырыпты/тапсырманы толық ашса, білім алушы тек негізгі материалды біледі, бірақ оның егжей-тегжейін білмейді, дәлсіздіктерге, дұрыс тұжырымдауға, тапсырма бойынша оқу материалын ұсынудағы логикалық дәйектіліктің бұзылуына жол береді, берілген тақырып бойынша өзінің пайымдаулары мен ойлары үстірт сипатта болады.	тақырып ашылмаса, жауаптың мазмұны тақырыпқа сәйкес келмейді, білім алушының оқу материалының едәуір бөлігі бойынша білімі жоқ және қойылған тапсырмаға жауапты сауатты баяндай алмайды, тақырып бойынша өз пікірін айтпайды, елеулі қателіктер жібереді, жауап дәйексіз, дәлелді емес түрде құрылады. Құзырет қалыптаспаған.

